

## Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы Меморандум

Меморандум 1999 жылғы 9 сәуір Ашгабат қаласы. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан, егемендік пен аумақтық тұтастықты құрмет тұту принциптерін негізге ала отырып, 1993 жылғы 19 мамырда Ашгабатта қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық туралы Шарттың U952197\_ ережелеріне адалдығын сақтай отырып, барлық егеменді мемлекеттердің өздерінің мемлекеттік шекараларын сенімді түрде қорғауы үшін қажетті шаралар қабылдайтын ажырамас құқығын тани отырып, тиісті шекаралық, кедендік, санитариялық және бақылаудың өзге де жалпы жұрт таныған нысандарын қамтамасыз ету мақсатында бірлескен шекарадағы режимді тәртіпке келтіру қажеттігін назарға ала отырып, қазіргі әкімшілік-аумақтық ара жігін ажыратуға сәйкес Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараның өтуін қуаттай отырып, делимитация нәтижесінде белгіленетін шекара екі бауырлас мемлекеттер арасындағы бейбітшілік пен келісім шекарасы болып табылатындығын атап көрсете отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1. Тараптар халықаралық құқық нормаларына сәйкес құқықтық ресімдеу мақсатында Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі келіссөздерге келісілген мерзімдерде кірісетін болады.

2. Тараптар қажетті органдар өкілдерінен делегациялар құрады, оларға шекараны делимитациялау және тиісті мемлекетаралық шартты әзірлеу жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асыру тапсырылады.

( Қ о л д а р ы )

Ашгабат қ., 1999 жылғы 9 сәуір

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в                      Б . А .

Багарова Ж.А.

